

Сеитова Гаухар Аманжоловнаның «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы 6D01100 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша дайындалған PhD докторлық диссертациясына

## БЕЙРЕСМИ ПІКІР

Сеитова Гаухар Аманжоловнаның диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі бүгінгі таңдағы жаһандану дәуіріндегі түрлі салалардың интеграциялану процестерінің әсерінен шетел тіліне деген, әсіресе болашақ мамандарды кәсіби даярлауда шетел тілінің алатын рөлінің айқындалуымен анықталады. Қазіргі кезде шетел тілі тек әлемдік мәдениеттің ажырамас бөлігі, мәдени ойлауды қалыптастырудың сенімді құралы ретінде ғана емес, кәсіби қызметте мәдениетаралық диалогты дамытудың маңызды құралы ретінде де қарастырылуда.

ҚХР-дың ұстанатын әлемдік даму стратегиялары мен ұсынатын перспективалары ескерілсе, қытай тілін кәсіби мақсатта қолданудың өзектілігі нақтыланады. Мұнай және газ саласы Қазақстан экономикасында елеулі орын алады және шетелдік инвесторлардың қатарында ҚХР компаниялары бар. Сол себепті, қытайлық әріптестермен тікелей жұмыс істейтін кадрлардың қытай тілінде қарапайым кәсіби қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті жұмыс беруші тарапынан әрқашан оң көз-қараста қабылданады және мамандарымыздың шетел тілдері бойынша кәсіби көрсеткішінің жоғары екендігін көрсетеді. Болашақ инженерлердің қытай тілін кәсіби деңгейде білуі жұмыс барысын оңтайландыратыны сөзсіз ақиқат. Мұнай және газ саласы кен орындарында қытайлық өндірушілерден алынған техникалық жабдықтар да кездеседі және олармен тікелей жұмыс істейтін мамандардың қытай тіліндегі қолдану нұсқаулығын түсіне алуы дұрыс қабылданады. ҚР ЖОО-да кәсіби шеттілдік білім беру жүйесінде техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, болашақ инженерлердің кәсіби форматта коммуникация субъектілері ретінде әрекетке түсе алу мүмкіндігін қанағаттандыру қызметтік қажеттіліктен туындайды.

Берілген зерттеу жұмысы бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілік маманның кәсіби құзыреттіліктерінің құрамдас бөлігі және техникалық мамандықтар студенттерінің шетел тілі бойынша даярлығының сапалық көрсеткіші екендігін айқындайды. Сол себепті Г.А. Сеитованың «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы

болашақ техника саласы мамандарына шеттілдік құзыреттіліктерін арттыру мақсатында қажет деп есептеймін.

Пікір беруші:

«KAZPETROL GROUP  
(КАЗПЕТРОЛ ГРУП)» ЖШС  
Бас директоры:



Е.К.Тазабеков